

2008 жылға арналған облыстық бюджет туралы

Күшін жойған

Ақмола облыстық мәслихатының 2007 жылғы 5 желтоқсандағы N 4С-3-4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 21 желтоқсанда N 3238 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 15 шілдедегі № 4С-16-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 15 шілдедегі № 4С-16-8 шешімімен

2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 63 бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес және Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 27 қарашадағы N А-12/389 қаулысына байланысты Ақмола облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. 2008 жылға арналған облыстық бюджет 1 қосымшаға сәйкес келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер - 55 336 825,3 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша - 6 246 905,8 мың теңге;
салықтық емес түсімдер - 133 037,7 мың теңге;
трансферттердің түсімдері - 48 956 881,8 мың теңге;
- 2) шығындар - 56 777 207,2 мың теңге;
- 3) операциялық сальдо - -1 440 381,9 мың теңге;
- 4) таза бюджеттік несиелер - 679 857,2 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік несиелер - 1 534 698 мың теңге;
бюджеттік несиелердің өтелуі - 854 840,8 мың теңге;
- 5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 130 300 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу - 130 600 мың теңге;
мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер - 300 мың теңге;
- 6) бюджет дефициті (профициті) - -2 250 539,1 мың теңге;
- 7) бюджет дефицитін қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 2 250 539,1 мың теңге.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.03.05 N 4С-5-4, 2008.06.20 N 4С-7-5, 2008.09.18 N 4С-9-5, 2008.11.07 N 4С-10-2

Ш е ш і м д е р і м е н .

2. Облыстық бюджетке, аудандардың, Көкшетау және Степногорск қалаларының бюджеттеріне кірістерді бөлудің нормативтері келесі мөлшерде белгіленсін:

1) облыстық бюджетке төлем көздеріне салынатын кірістердің жеке табыс салығы бойынша - 100% ;

1-1). Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы - 100%.

2) аудандардың, Көкшетау және Степногорск қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік салық бойынша - 100%.

Ескерту. 2 тармақ 1-1)-тармақшамен толықтырылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.06.20 N 4С-7-5 Шешімімен.

3. Келесі көздердің есебінен облыстық бюджеттің кірістері бекітілсін:

1) салықтық түсімдер, оның ішінде:
төлем көздеріне салынатын, кірістердің жеке табыс салығынан;
төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы ;

жер бетіндегі су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер;
орман пайдаланғаны үшін төлемдер;
қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдер;

2) салықтық емес түсімдерден, оның ішінде:
коммуналдық меншіктегі мүліктерді жалға беруден кірістерден;
Депозиттерге уақытша бос бюджеттік ақшаны орналастырудан алынған сыйақылар (мүдделер) ;

жергілікті бюджеттен банк-қарызгерлеріне берілген бюджеттік несиелер есебінен сыйлықтардан, (мүдделерден);

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелер ұсынатын (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер;

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуларды жүргізуден түсетін ақшалай түсімдер ;

жергілікті мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар , төлетулер ;

түзету жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұсталатын түсімдер;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын басқа да айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің дебиторлық, депоненттік қарыздарынан түсімдер;

бұрындары жергілікті бюджеттен алынған пайдаланылмаған қаражаттарды қайтару ;

жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер.

3) трансферттердің түсімдері, оның ішінде:
бюджеттік алып қоюлар;
ағымдағы нысаналы трансферттер;
нысаналы даму трансферттері;
субвенциялар.

Ескерту. 3 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.06.20 N 4С-7-5, 2008.09.18 N 4С-9-5, 2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімімен.

4. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте төмен тұрған бюджеттерден қайтарып алынатын 911 636 мың теңге бюджеттік алулардың көлемі қарастырылсын, оның ішінде:
Көкшетау қ. 911 636 мың теңге.

5. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен түсетін 31 498 056 мың теңге сомасындағы субвенциялар және 15 424 943 мың теңге сомасындағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 5 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімімен.

6. 2008 жылға арналған облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялардың жалпы мөлшері 9 376 512 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Ақкөл	555	444	мың	теңге;
Аршалы	449	977	мың	теңге;
Астрахан	629	369	мың	теңге;
Атбасар	622	441	мың	теңге;
Бұланды	650	570	мың	теңге;
Егіндікөл	327	976	мың	теңге;
Еңбекшілдер	610	559	мың	теңге;
Ерейментау	652	960	мың	теңге;
Есіл	494	409	мың	теңге;
Жақсы	767	997	мың	теңге;
Жарқайың	653	726	мың	теңге;
Зеренді	842	994	мың	теңге;
Қорғалжын	558	370	мың	теңге;
Сандықтау	569	579	мың	теңге;
Целиноград	491	361	мың	теңге;
Шортанды	498	780	мың	теңге.

6-1. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте ең төменгі еңбекақының мөлшерінің көбеюіне байланысты шығындардың орнын толтыруға республикалық бюджеттен 224 773 мың теңге сомасында мақсатты ағымдағы

трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.

Ескерту. 6 тармақ 6-1 тармағымен толықтырылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.06.20 N 4С-7-5 Шешімімен.

7. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте денсаулық сақтауға арналып республикалық бюджеттен бөлінген 1 975 446 мың теңге мөлшеріндегі мақсатты трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) 1 626 773 мың теңге көлемінде ағымдағы мақсатты трансферттер, оның ішінде:

494 693 мың теңге дәрі-дәрмек құралдарын сатып алуға, вакциналар және басқа да медициналық иммунобиологиялық қосындыларға, оның ішінде: тұрғындарды иммунитеттік алдын ала емдеу үшін вакциналар мен басқа да медициналық иммунобиологиялық дәрі-дәрмектер сатып алуға - 126 151 мың теңге;

туберкулезге қарсы дәрі-дәрмектерге - 72 237 мың теңге;
диабетке қарсы дәрі-дәрмектерге - 159 577 мың теңге;
онкологиялық науқастарға химиялық дәрі-дәрмектерге - 132 768 мың теңге;
гемофилиямен ауыратын ересек адамдарды емдеу кезінде қанның ұйысу факторларын - 3 960 мың теңге;

1 132 080 мың теңге - Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға, оның ішінде: жергілікті деңгейдегі медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіруге - 1 132 080 мың теңге.

2) 348 673 мың теңге көлемінде дамуға арналған мақсатты трансферттер, оның ішінде:

42 600 мың теңге - Жарқайың ауданы Державинск қаласында 150 төсектік орталық аудандық аурухананың құрылысына;

21 200 мың теңге - Целиноград ауданы Ақмол ауылында 150 төсектік орталық аудандық аурухананың құрылысына;

12 873 мың теңге - Щучье ауданы Щучье қаласында әр ауысымда 500 адам қабылдай алатын қалалық емхананың құрылысына;

200 000 мың теңге - Көкшетау қаласындағы облыстық қан орталығының құрылысына;

72 000 мың теңге - Көкшетау қаласында әр ауысымда 500 адамды қабылдай алатын қалалық емхана құрылысына;

Ескерту. 7 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.06.20 N 4С-7-5, 2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімдерімен.

8. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 3 397 922 мың теңге мөлшерінде білім беруге арналған ағымдағы мақсатты

трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) 741 804 мың теңге көлемінде ағымдағы мақсатты трансферттер, оның ішінде:

708 429 мың теңге - Қазақстан Республикасының 2005 - 2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға, оның ішінде:

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдықтарымен жарақтандыруға - 227 700 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында лингафондық және мультимедиялық бөлмелер жабдықтауға - 260 442 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің мемлекеттік жүйесінде интерактивті оқыту жүйесін енгізуге - 220 287 мың теңге;

23 287 мың теңге - жаңадан іске қосылатын білім беру нысандарын ұстауға;

10 088 мың теңге - жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендиялар төлеуге;

Көрсетілген трансферттерді облыстық және аудандар мен қалалардың бюджеттері бойынша бөлу облыс әкімдігінің қаулысымен белгіленеді.

2) 2 656 118 мың теңге көлемінде дамуға арналған мақсатты трансферттер, оның ішінде:

98 755 мың теңге - электрондық басқару шеңберінде адами капиталды дамытуға.

Трансферттерді облыстық және аудандар мен қалалардың бюджеттері бойынша бөлу облыс әкімдігінің қаулысымен белгіленеді.

105 000 мың теңге - Аршалы ауданының Александровка селосында 520 оқушы орындық орта мектептің құрылысына;

71 142 мың теңге - Ерейментау ауданының Ерейментау қаласында 320 орындық ұлттық мектепке дейінгі балалар мекемесінің құрылысына;

200 000 мың теңге - Есіл ауданының Есіл қаласында 520 оқушы орындық орта мектептің құрылысына;

523 300 мың теңге - Жақсы ауданының Жақсы селосында 520 оқушы орындық қазақ орта мектебінің құрылысына;

988 300 мың теңге - Шортанды ауданының Шортанды селосында 1200 оқушы орындық орта мектебінің құрылысына;

81 142 мың теңге - Целиноград ауданының Ақмол ауылында 320 орындық балабақша құрылысына;

455 181 мың теңге - Көкшетау қаласында 1200 оқушы орындық жалпы білім беру мектебінің құрылысына;

70 000 мың теңге - Көкшетау қаласында балабақша құрылысына;
20 690 мың теңге - Ақмола облысы Ерейментау ауданының Малтабар
селосында 200 орындық мектеп құрылысына;
42 608 мың теңге - Жарқайың ауданының Державинск қаласында 120
орындық бала бақша құрылысына.

*Ескерту. 8 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының
2008.06.20 N 4С-7-5, 2008.09.18 N 4С-9-5, 2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімдерімен.*

9. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек төлеуге және 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар
төлеуге арналған 82 000 мың теңге мөлшерінде республикалық ағымдағы
мақсатты трансферттердің қарастырылғаны ескерілсін.

Трансферттерді аудандар мен қалалардың бюджеттері бойынша бөлу облыс
әкімдігінің қаулысымен белгіленеді.

10. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте 3 172 241 мың теңге
мөлшерінде ауыл шаруашылығын дамытуға арналған республикалық бюджеттен
бөлінген ағымдағы мақсатты трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

179 831 мың теңге - тұқым өңдеуді дамытуды қолдауға;

513 541 мың теңге - мал шаруашылығын асылтұқымдандыруды дамытуға;

2 308 697 мың теңге - өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен
сапасын арттыруға, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті
жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық
құндылықтардың құнын арзандатуға;

132 мың теңге - ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу
қызметтерінің құнын өтеуге;

170 040 мың теңге - мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын
жоғарылатуға жәрдем ақша бөлуге.

*Ескерту. 10 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының
2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімімен.*

11. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен
бөлінген сумен қамтамасыз ету жүйесін дамытуға 2 444 709 мың теңге ағымдағы
мақсатты трансферттердің қарастырылғаны ескерілсін:

77 650 мың теңге - Ақкөл ауданы Ақкөл қаласындағы су құбыры жүйелерін
қайта жабдықтауға (II кезек);

78 426 мың теңге - Ақкөл ауданы Новорыбинка селосы су құбырының су
қоймасы қабырғаларын және сумен қамтамасыз ету жүйесін қайта жабдықтауға;

42 570 мың теңге - Ақкөл ауданы Наумовка селосындағы су құбыры жүйесін
қайта жабдықтауға;

21 588 мың теңге - Ақкөл ауданы Амангелді селосындағы су құбыры жүйесін
қайта жабдықтауға;

15000 мың теңге - Ақкөл ауданы Ивановское селосындағы су құбыры жүйесін қайта жабдықтауға ;

69 128 мың теңге - Аршалы ауданы Раздольное және Байдалы селоларындағы су құбыры жүйелерін қайта жабдықтауға ;

56 947 мың теңге - Астрахан ауданы Петровка селосындағы су құбыры жүйелерінің құрылысына ;

187 988 мың теңге - Бұланды ауданы Журавлевка және Воробьевка селоларының су құбырлары жүйелерін қайта жабдықтауға ;

74 000 мың теңге - Егіндікөл ауданы Полтавское селосындағы су құбыры құрылымдарының алаңын және поселкелік жүйелерін қайта жабдықтауға ;

53 000 мың теңге - Егіндікөл ауданы Спиридоновка селосының су жүргізгішін, поселкелік сумен қамтитын жүйелерін және су құбыры құрылымдарының алаңшасын қайта жабдықтауға ;

25 000 мың теңге - Егіндікөл ауданы Ұзынкөл селосының су жүргізгішін, поселкелік сумен қамтитын жүйелерін және су құбыры құрылымдарының алаңшасын қайта жабдықтауға ;

25 000 мың теңге - Егіндікөл ауданы Буревестник селосының су жүргізгішін, поселкелік сумен қамтитын жүйелерін және су құбыры құрылымдарының алаңшасын қайта жабдықтауға ;

25 000 мың теңге - Егіндікөл ауданы Қазақстанның 30 жылдығы селосының су жүргізгішін, поселкелік сумен қамтитын жүйелерін және су құбыры құрылымдарының алаңшасын қайта жабдықтауға ;

50000 мың теңге - Еңбекшілдер ауданы Степняк қаласындағы су құбыры жүйелерін қайта жабдықтауға (II кезек);

15 000 мың теңге - Еңбекшілдер ауданы Андықожа батыр селосында су құбыры жүйелерін қайта жабдықтауға ;

290 000 мың теңге - Есіл ауданы Есіл қаласындағы су құбыры жүйелерін қайта жабдықтауға ;

77 000 мың теңге - Жақсы ауданы Жақсы селосындағы таратушы су құбыры жүйелерінің құрылысына ;

30 000 мың теңге - Жақсы ауданы Жаңа Қима және Қима селоларының су құбырларының таратушы жүйелерін қайта жабдықтауға ;

25 000 мың теңге - Жарқайың ауданы Далабай селосындағы су құбыры жүйелерін қайта жабдықтауға ;

25 000 мың теңге - Жарқайың ауданы Гастелло селосындағы жер асты су көздерінің суымен қамтамасыз ететін су құбырларын қайта жабдықтауға ;

25 000 мың теңге - Жарқайың ауданы Пятигорское селосындағы су құбыры жүйелерін қайта жабдықтауға ;

85 722 мың теңге - Зеренді ауданы Симферополь селосындағы су құбыры

жүйелерін қайта жабдықтауға;
25 000 мың теңге - Зеренді ауданы Зеренді селосындағы таратушы су құбыры
жүйелерін қайта жабдықтауға және құрылысына;
25 000 мың теңге - Сандықтау ауданы Максимовка селосындағы су құбыры
жүйесін қайта жабдықтауға;
184 867 мың теңге - Целиноград ауданы Қосшы ауылындағы су құбыры
желілерін қайта жабдықтауға;
109 527 мың теңге - Целиноград ауданы Раздольное селосындағы су құбыры
жүйесінің құрылысына;
28 209 мың теңге - Целиноград ауданы Красноярка селосында су тазартқыш
бойынша құрастырылған блок-модулін орнату;
29 834 мың теңге - Целиноград ауданы Сарыкөл селосында су тазартқыш
бойынша құрастырылған блок-модулін орнату;
29 616 мың теңге - Целиноград ауданы Жалғызқұдық селосында су
тазартқыш бойынша құрастырылған блок-модулін орнату;
40 684 мың теңге - Целиноград ауданы Воздвиженка селосында су құбыры
жүйелерін қайта жабдықтауға;
99 730 мың теңге - Целиноград ауданы Ақмол ауылын сумен
қамтамасыздандыру үшін сутартқыш имараттарының құрылысы;
69 924 мың теңге - Шортанды ауданының Научный кентінің және Дамаса,
Степное селоларының су құбырларын қайта жабдықтауға (II кезек);
70 949 мың теңге - Шортанды ауданы Жолымбет кентіндегі су құбыры
жүйелерін қайта жабдықтауға;
5 000 мың теңге - Шортанды ауданы Елизаветинка селосында су құбыры
жүйелерін қайта жабдықтауға;
15 000 мың теңге - Шортанды ауданы Новокубанка селосында су құбыры
жүйелерін қайта жабдықтауға;
312 350 мың теңге - Щучье ауданы Щучье қаласындағы су құбыры жүйелерін
қайта жабдықтауға (I және II кезек);
25 000 мың теңге - Щучье ауданы Кенесары селосында су құбыры жүйелерін
қайта жабдықтауға (I және II кезек).

*Ескерту. 11 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының
2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімімен.*

12. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 370
783 мың теңге ауыз сумен қамтамасыз ету көздерінің теңдесі жоқ болып келетін
сумен қамтамасыз ету жүйесінің ерекше тобынан ауыз суын жеткізу қызметіне
жәрдем ақша бөлуге арналған ағымдағы мақсатты трансферттер ескерілсін.

*Ескерту. 12 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының
2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімімен.*

13. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға арналған республикалық мақсатты трансферттер ескерілсін сәйкес, оның ішінде:

889 029 мың теңге - инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды жайғастыруға және дамытуға;

586 896 мың теңге - коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйі құрылысына.

Көрсетілген трансферттерді аудандар мен қалалардың бюджеттері бойынша бөлу облыс әкімдігінің қаулысымен белгіленеді.

Ескерту. 13 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.06.20 N 4С-7-5, 2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімдерімен.

14. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық мақсатты трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

436 924 мың теңге - Ақмола облысының "Мәдениет- Мариновка" автожолына шығатын тұсының "Петровка-Каменка -Острогорка" автожолы учаскесін қайта жабдықтауға.

748 663 мың теңге - облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге: "Қорғалжын-Арықты-Сабынды" автожолдарын толық жөндеу.

Ескерту. 14 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімдерімен.

15. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен мемлекеттік қызметшілерді компьютерлік сауаттылыққа оқытуға арналып бөлінген 17 116 мың теңге ағымдағы мақсатты трансферттер ескерілсін.

Көрсетілген трансферттерді облыстық және аудандар мен қалалардың бюджеттері бойынша бөлу облыс әкімдігінің қаулысымен белгіленеді.

15-1. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте Астана қаласының серіктес қаласы ретінде қосшы қаласын дамытуға республикалық бюджеттен 633 000 мың теңге сомасында мақсатты даму трансферттері қарастырылғаны ескерілсін.

Ескерту. 15-1 тармағымен толықтырылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.06.20 N 4С-7-5, өзгертулер енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімімен.

16. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (қалалық) бюджеттерге Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде облыстық әкімдіктің қаулысында белгіленіп айқындалған тәртіппен сыйақының (мүдденің) нөлдік ставкасы бойынша тұрғын үй салуға несие беруге 499 000 мың теңге қарастырылсын.

17. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте 2006-2007 жылдары тұрғын үй

құрылысына нөлдік сыйақы (мүдде) мөлшерлемесі бойынша Ақмола облысында 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамытудың аумақтық бағдарламасына сәйкес облыс әкімдігінің қаулысымен айқындалған тәртіпте қайта пайдалануға бөлінген несиелік 675 000 мың теңге сомасындағы қаржы қ а р а с т ы р ы л с ы н .

18. 2008 жылға арналған облыстық бюджеттің трансферттерінің құрамында облыстық бюджеттен жергілікті бюджеттерге 4 810 151,1 мың теңге мақсатты трансферттердің қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

1) 1 282 823,6 мың теңге мөлшерінде ағымдағы мақсатты трансферттер, оның і ш і н д е :

544 801,1 мың теңге - сумен қамтамасыз ету шараларына;

36 702,1 мың теңге - Ұлы Отан соғысына қатысқандарға және оның мүгедектеріне коммуналдық шығындарды өтеуге әлеуметтік көмек көрсетуге;

76 176,3 мың теңге - облыс мектептерін интерактивті жабдықтармен ж е т і л д і р у г е ;

36 978,6 мың теңге - білім нысандарын толық жөндеуден өткізуге;

Көрсетілген трансферттерді аудандар мен қалалардың бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысымен белгіленеді.

36 384,7 мың теңге - салынатын құрылыстың бас жоспарын дайындауға, оның ішінде: Аршалы ауданының Жібек жолы ауылы - 9 999,9 мың теңге, Бұланды ауданының Макинск қаласы - 9 800 мың теңге, Щучье ауданының Зеленый Бор селосы - 6 700 мың теңге, Ерейментау ауданының Ерейментау қаласы - 9 884,8 м ы ң т е ң г е ;

44 386 мың теңге - Ерейментау ауданының қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақысын өтеуге;

37 769,8 мың теңге - Щучье ауданының жылумен қамтамасыз ету мекемелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге;

5 935 мың теңге - Көкшетау қаласының жылумен қамтамасыз ету жүйесінің с ұ л б а с ы н ж а с а у ғ а ;

67 652 мың теңге - Есіл ауданының жылумен қамтамасыз ету мекемелерінің жұмысын тұрақты қамтамасыз ету үшін;

94 780 мың теңге - Атбасар ауданының жылумен қамтамасыз ету мекемелерінің жұмысын тұрақты қамтамасыз ету үшін;

44 963 мың теңге - Бұланды ауданының жылумен қамтамасыз ету мекемелерінің жұмысын тұрақты қамтамасыз ету үшін;

10 000 мың теңге - Шортанды ауданының Научный кентін абаттандыру үшін;

6 290 мың теңге - Степногорск қаласының сумен қамту және су бөлу жүйелерін қайта жабдықтау бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуге және мемлекеттік сараптама жүргізуге;

58 800 мың теңге - Целиноград ауданының Талапкер, Қараөткел, Қосшы, Қоянды, Қабанбай батыр, Софиевка, Шұбар, Малотимофеевка, Воздвиженка, Максимовка, Тай-төбе, Қызылжар, Қажымұқан, Қызылсуат селоларының энергиямен қамтамасыз ету және энергия жеткізу жолдары нысандарының құрылысына және қайта жабдықтау үшін техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуге;

150 000 мың теңге - Көкшетау қаласының жылу беру мекемелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге;

31 205 мың теңге - Атбасар ауданы Атбасар қаласының көшелерін орташа жөндеуге;

2) 3 527 327,5 мың теңге көлемінде дамуға арналған мақсатты трансферттер, оның ішінде:

445 323 мың теңге - білім нысандарының құрылысына;

255 303,6 мың теңге - сумен қамтамасыз ету жүйесін дамытуға;

628 653 мың теңге - аудандар және қалалардың мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың жарғылық қорын көбейтуге;

64 950,9 мың теңге - "Сумен қамтамасыз ету және канализация" салалық жобасын жүзеге асыру мақсатында жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға және мемлекеттік сараптама жүргізуге.

93 637,5 мың теңге - ауыз суымен қамтамасыз ететін нысандардың жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға және мемлекеттік сараптауын жүргізуге;

310 500 мың теңге - Көкшетау қаласындағы сыртқы инженерлік жүйелердің құрылысына" деген жолдан кейін келесі мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

160 822,4 мың теңге - Көкшетау қаласындағы 7-канализациялық сорғы стансасынан (7-КСС) "Васильковский" ықшамауданына дейін канализациялық қысым коллекторын қайта жабдықтауға;

113 600 мың теңге - Көкшетау қаласындағы 7-канализациялық сорғы стансасынан (7-КСС) "Васильковский" ықшамауданындағы камераға дейін канализациялық қысым коллекторының екінші тармағын қайта жабдықтауға;

46 082 мың теңге - Көкшетау қаласындағы "Васильковский" ықшамауданы 7-канализациялық сорғы стансасынан (7-КСС) бастап канализациялық қысым коллекторының екі тармағын қайта жабдықтауға;

48 918 мың теңге - Көкшетау қаласындағы 2-канализациялық сорғы стансасынан (2-КСС) бастап канализациялық қысым коллекторының оң тармағын қайта жабдықтауға;

27 850 мың теңге - Көкшетау қаласындағы 6-канализациялық сорғы стансасынан (6-КСС) қайта жабдықтау;

21 405,9 мың теңге - Көкшетау қаласындағы элеватордың канализациялық сорғы стансасын (элеватор-КСС) және Әуезов көшесіне дейінгі қысым коллекторын қайта жабдықтауға;

550 445,8 мың теңге - Көкшетау қаласындағы 2-аудандық қазандықта (2-АҚ) үшінші су жылыту қазандығының құрылысына, сметалық құнының түзетулерін ескере отырып, 1 - кезек;

43 297,8 мың теңге - Көкшетау қаласындағы 2-аудандық қазандықта (2-АҚ) күл төккішінің жаңа қазанының құрылысының жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға және жоба бойынша мемлекеттік сараптау өткізуге;

47 447,9 мың теңге - Ақкөл ауданының Ақкөл қаласындағы Комсомол жөндеу-механикалық зауытының (КЖМЗ) жылу қазандығын қайта жабдықтауға;

54 548,8 мың теңге - Ақкөл ауданы Ақкөл қаласындағы Комсомол жөндеу-механикалық зауытының (КЖМЗ) жылу қазандығынан бастап жылу жүйелерін қайта жабдықтауға.

Көрсетілген трансферттерді аудандар мен қалалардың бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысымен белгіленеді.

431 553 мың теңге - Көкшетау қаласындағы Спорт сарайының құрылысын аяқтауға;

20 000 мың теңге - Ерейментау ауданындағы Бөгенбай батырға ескерткішінің құрылысына;

119 989 мың теңге - Ерейментау ауданы Ерейментау қаласындағы N 5 жылу қазандығын қайта жабдықтауға;

42 998,3 мың теңге - Ерейментау ауданы Ерейментау қаласындағы жылу трассасының құрылысына және қотару станциясының құрылысына;

310 500 мың теңге - Көкшетау қаласындағы сыртқы инженерлік жүйелердің құрылысына.

Ескерту. 18 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.03.05 N 4С-5-4, 2008.06.20 N 4С-7-5, 2008.09.18 N 4С-9-5, 2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімдерімен.

19. 2008 жылға арналған облыстық жергілікті атқарушы органның резерві 1 187 918,9 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 19 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.03.05 N 4С-5-4, 2008.06.20 N 4С-7-5, 2008.09.18 N 4С-9-5 Шешімдерімен.

20. 2008 жылы бюджеттік несиелерді жабудан облыстық бюджетке түсетін 854 840,8 мың теңге ескерілсін.

Ескерту. 20 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.03.05 N 4С-5-4, 2008.09.18 N 4С-9-5 Шешімдерімен.

21. Облыстық мәслихатпен келісілген тізбеге сәйкес ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім

беру, мәдениет және спорт саласының қызметшілеріне, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен ставкаларын арттыру белгіленсін.

Ескерту. 21 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.03.05 N 4С-5-4 Шешімімен.

21-1. 2008 жылға арналған облыстық бюджеттің кірістерінде аудандар мен қалалардан пайдаланылмаған 1 121 094,5 мың теңге сомасындағы мақсатты трансферттердің және пайдаланылмаған 1152,3 мың теңге сомасындағы нысаналы қаражаттың қайтарылғаны ескерілсін.

Ескерту. 21-1 тармақпен толықтырылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.03.05 N 4С-5-4, 2008.06.20 N 4С-7-5, 2008.09.18 N 4С-9-5, 2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімдерімен.

21-2. 2008 жылға арналған облыстық бюджеттің шығындарында республикалық бюджетке қайтарылған пайдаланылмаған 1 930 596,1 мың теңге сомасындағы мақсатты трансферттердің және нысаналы пайдаланылмаған 1364,2 мың теңгенің қайтарылғаны ескерілсін.

Ескерту. 21-2 тармақпен толықтырылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.03.05 N 4С-5-4, 2008.06.20 N 4С-7-5, 2008.11.07 N 4С-10-2 Шешімдерімен.

21-3. 2008 жылға арналған облыстық бюджетте заңнамада белгіленген тәртіпте 2008 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан 1 751 539,1 мың теңге сомасындағы қалдық бюджеттік қаражаттың пайдаланылғаны ескерілсін.

Ескерту. 21-3 тармақпен толықтырылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.03.05 N 4С-5-4 Шешімімен.

21-4. Облыстың жергілікті атқарушы органы берешегінің шектеулі мөлшері 3 188 301 мың теңге болып белгіленсін.

Ескерту. 21-4 тармақпен толықтырылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.06.20 N 4С-7-5 Шешімімен.

22. Атқаратын жұмысы жүріп-тұру сипатындағы денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің қоғамдық көлікте тегін жүру шығындарын 2008 жылдың бюджетінде бекітілу шеңберінде, жергілікті атқарушы орган - Денсаулық сақтау департаменті анықтаған тізім бойынша ескерілсін.

23. 2008 жылға арналған облыстық даму бюджетінің бюджеттік бағдарламаларының тізбесі бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) жүзеге асыруға арналған бюджеттік бағдарламаларға бөле отырып және заңды тұлғалардың жарғылық қорының қалыптасуын немесе ұлғаюын 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

24. 2008 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылу процесінде секвестрленуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 3

қосымшаға сәйкес бекітілсін.

25. 2008 жылға арналған аудандық бюджеттердің атқарылу процесінде секвестрленуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4

қосымшаға сәйкес бекітілсін.

26. Осы шешім Ақмола облысының Әділет 2департаментінде тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық

Ақмола облыстық

мәслихаты сессиясының

мәслихатының хатшысы

төрағасы

Облыстық

мәслихаттың

шешіміне

2007

жылғы

желтоқсандағы

№1 қосымша

Ескерту. Қосымша 1 жаңа редакцияда - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.11.07 №4С-10-2 Шешімімен.

2008 жылға арналған облыстық бюджет

	Атаулар	Сума
1	2	3
	I. КІРІСТЕР	55 336 825,3
1	Салықтық түсімдер	6 246 905,8
01	Табыс салығы	5 569 355,8
	2 Жеке табыс салығы	5 569 355,8
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	677 550,0
	3 Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	677 550,0
2	Салықтық емес түсімдер	133 037,7
01	Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	11 942,0
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	7 769,0
	6 Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар (мүдделер)	2000,0
	7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер)	2 173,0
02	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 014,0
	1 Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 014,0
03		7 763,0

			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	7 763,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	17 219,0
		1	Мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда , мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	17 219,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	94 099,7
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	94 099,7
